ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 12 қараша іс №5165-25-00-2/2503 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Рүстемнің
сот отырысының хатшысы С.Кендирбаевтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
«Meritorium» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану тану.
2.Тұрақсыздық айыппұлды өндіру.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Б.Сейфолла.
Талап қоюшының өкілі А.Баданов.
Жауапкер өкілі А.Танатар.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы «Кентау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Meritorium» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында 2025 жылы 8 шілдеде «Кентау қаласы, Хантағы ауылы, Қаратау көшесі, Иманов көшесі, Торлан көшесі, Назаров көшесі, Тоқаев көшесі орташа жөндеу» (бұдан әрі - Жұмыс) жұмыстары бойынша №16 шарт 140 000 000 тенге жасалған (бұдан әрі - Шарт).

Жауапкер осы шартқа 2025 жылғы 4 тамыздағы жасалған №16 қосымша келісім бойынша 30 922 536,34 теңгені 2025 жылы, қалған 109 077 463,66 теңгені 2026 жылы бекітілген жұмыс өндіріс кестесіне сәйкес жұмысты аяқтауға міндеттелген.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 18.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2025, судья Рүстем Б. М., 19.12.2025
г.Кентау А.Баданов А.М.
5165-25-3-1/2380

Жауапкер жұмысты кесте бойынша бастамағанан соң, талап қоюшымен шарт 2025 жылы 29 қыркуйекте портал арқылы бір жақты бұзылған.

Талап қоюшы өзінің нақтыланған талап қоюында жауапкер Шарт бойынша міндетемелерін толық орындамағанын негіздеп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 833 530,50 тенге тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұраған.

Жауапкер талап қоюға жазбаша қарсы пікір берген жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі А.Баданов, өзінің талап қоюын толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкіл А.Танатар талап қоюды ішінара мойындап, Шарт бойынша жұмысты бастамаған жоқ екенін айтып, айыппұлды аз мөлшерде төлейтінін көрсетті.

Прокурор Б.Сейфолла талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабы 1-тармағына сай міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VШ санды Заңының (ары қарай - Заң)

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта нақты анықталғаны жауапкер Жұмыстарды бекітілген өндіріс кестесі бойынша 2025 жылдың 10 тамызана дейін бастап жүргізбеген, сондықтан Шарт 2025 жылы 29 қыркуйекте бір жақты бұзылған, талап қоюшы талапты сотқа Заңда көрсетілген мерзім ішінде берілген.

Шарттың 5.2. тармағына сәйкес, Осы Шарт шеңберінде орындалатын жұмыстар техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 18.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2025, судья Рүстем Б. М., 19.12.2025
5165-25-3-1/2380

Шарттың 6.1. тармағына сәйкес, жұмыс орындалды деп саналады Орындаушының Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

Осы аталған талап бүгінгі күнге жауапкермен сақталмаған.

Соның салдарынан талап қоюшы мен өткізілген мемлекеттік сатып алу орындалмай, мемлекеттің мүддесіне зиян келтірілген.

Сот талапкердің негізгі талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 8.3 тармағында Тапсырыс беруші Орындаушыдан ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан мерзімі өткен әр бір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алу қарастырылған.

Талап қоюшы (2025 жылдың 01 тамызы мен 28 қыркуйек аралығына) 833 530,50 тенге тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұраған.

Алайда сот тұрақсыздық айыппұлды есептеуді бекітілген өндірістік кесте бойынша:

2025 жылы 10 тамыздан 29 қыркуйекке дейінгі аралықта (орындалмаған сома 4 185 383 х 50 күнге) = 209 269 тенге.

2025 жылы 20 тамыздан 29 қыркуйекке дейінгі аралықта (орындалмаған сома 7 152 408 х 40 күнге) = 286 096 тенге.

2025 жылы 10 қыркуйектен 29 қыркуйекке дейінгі аралықта (орындалмаған сома 1 010 955 х 19 күнге) = 19 208 тенге.

2025 жылы 25 қыркуйектен 29 қыркуйекке дейінгі аралықта (орындалмаған сома 22 939 079 х 4 күнге) = 91 756 тенге.

Жалпы қосқанда (209269+286096+19208+ 91756) = 606 329 теңге айыппұл сомасын жауапкерден өндіргенді дұрыс деп есептейді.

Жоғарыдағылардың негізінде сот талап қоюшының жауапкерден айыппұл өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 48-бабының 2-бөлігіне және 225-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот өз бастамасы бойынша талап қою нысанасын немесе негізін өзгертуге құқылы емес. Сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс. Ал, сотта тараптардан қаралып зерттелген дәлелдемелерден басқа дәлелдемелер ұсынылған жоқ.

АПК-нің 109-бабының негізінде жауапкерден мемлекеттің пайдасына іс бойынша мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 18.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2025, судья Рүстем Б. М., 19.12.2025
5165-25-3-1/2380

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226- баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

«Meritorium» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Meritorium» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 606 329 (алты жүз алты мың үш жүз жиырма тоғыз) теңге тұрақсыздық айыппұл сомасы мен 20 156 (жиырма мың бір жүз елу) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Б.Рүстем**

г. Кентау\АБадаинов А.М

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 18.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2025, судья Рүстем Б. М., 19.12.2025